



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

**№ 26 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2010 жылғы 30 қараша**

**ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің
орталық (ұлттық) банктерінің басшылары
кеңесінің 23-ші отырысы туралы**

2010 жылғы 29 қарашада ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің басшылары кеңесінің 23-ші отырысы болды. Бұл отырыстың барысында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағалық етті.

Отырыс шеңберінде ТМД мүше мемлекеттердің арасындағы тауар айналымына қызмет көрсету үшін есеп айырысу валюталары ретінде ТМД мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарын пайдалану мүмкіндіктерін зерделеу бойынша сараптамалық топтардың жұмыс нәтижелері туралы, ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің бағалы қағаздарының ұлттық нарықтарына кіруінің тең жағдайларын қамтамасыз ету бөлігінде заңнамаларды үйлестіру жөніндегі ұсынымдар туралы, сондай-ақ ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің валюта саласындағы ынтымақтастығы саласында 2008-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасының II-ші кезеңін іске асыру жөніндегі ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің іс-шаралар жоспарын орындау барысы және кейінгі кезеңге арналған Іс-шаралар жоспары бойынша ұсыныстар туралы ақпарат алмасу орын алды.

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің ақша-кредит және валюта саясатын жүргізуінің қағидаттары мен тетіктерін үйлестіру туралы келісімнің жобасы бойынша жұмыс барысы жайындағы мәселені талқылау қорытындылары бойынша Тараптар аталған Келісімнің жобасын мақұлдауға, сондай-ақ ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығына көрсетілген Келісімнің жобасын белгіленген тәртіппен Қоғамдастық органдарының қарауына енгізуге шешім қабылдады.

Сондай-ақ отырысқа қатысушылар ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің ықпалдасқан валюта нарығын ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімнің іске асырылу барысы және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі және Ресей Федерациясының Орталық Банкі арасында ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің ықпалдасқан валюта нарығына қатысушыларды ақпараттық қамтамасыз ету туралы келісімді қол қоюға дайындау туралы мәселені талқылады.

Тараптар ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің қызметкерлерін кәсіби оқытудың мәселелері бойынша Үйлестіру кеңесінің Кәсіби оқытудың 2010 жылға арналған бағдарламасын орындау туралы есебі назарға алынды.

Отырыс барысында төмендегідей құжаттар бекітілді:

- ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің қызметкерлерін кәсіби оқытудың 2011 жылға арналған бағдарламасы;

- ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің валюта саласындағы ынтымақтастығы саласында 2011-2012 жылдарға арналған тұжырымдамасының III-ші кезеңін іске асыру жөніндегі ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің іс-шаралар жоспары;

- ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктері басшыларының кеңесі қызметінің 2011-2012 жылдарға арналған бағдарламасы.

Отырыстың қорытындылары бойынша Тараптар ЕурАзЭҚ дамытудың 2011-2013 жылдарға және кейінгі жылдарға арналған Басым бағыттарын ескере отырып, ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің валюта саласындағы ынтымақтастығы саласында 2013-2018 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің іс-шаралар жоспарын әзірлеуге уағдаласты.

ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің басшылары кеңесінің 23-ші отырысына қатысқандар:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы – Марченко Григорий Александрович, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары – Ақышев Данияр Талғатұлы, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Төрағасының орынбасары – Қожахметов Қуат Бәкірұлы, Ресей Федерациясы Орталық Банкі Төрағасының орынбасары – Можайсков Олег Владимирович, Тәжікстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары – Холикзода Малохат Халиковна, Беларусь Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары – Дубков Сергей Витальевич, Қырғыз Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары – Абдыбалы тегин Суеркул, Мемлекетаралық банктің президенті – Суворов Игорь Георгиевич, ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің қызметкерлерін кәсіби оқыту мәселелері бойынша Үйлестіру Кеңесінің Төрағасы – Гадоев Давлахмад Одинаевич.